

ӘОЖ088 .075

С. Булатқызы

Қала мәдени көрініс ретінде

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Бұл мақалада қала мәдениетінің мәселелері мәдени феномен ретінде сарапталған. Замануи қаланың виртуалды және өзгермелі ерекшеліктерін баян еткен. Мәдени құралдар арқылы қаланың бетбейнесін қызығушылық танытатындай етіп қалыптастыру бүгінгі таңдағы маңызды және басты мақсаттардың бірі екенін айқын көрсете білген. Қалалық аймақ – энергия мен ақпараттың шоғырланатын ортасы және кез келген мәдени көрініс рухани мазмұнмен толықтырылатыны туралы жазылады. Оны мәдениеттің «белгісі» ретінде нақтылап және ол рухани мазмұнсыз өз тіршілігін тоқтататынын да дәлелдеп көрсете білген. Автор өз ойын танымал мәдениеттанушылардың түйіндерімен нақтылайды.

Түйін сөздер: мәдени кеңістік, феномен, генетикалық код, ақпарат, құндылық, символ.

Өмір сүру белгілерінің маңызды атрибуты кеңістік. Нақты сол кеңістік аясында жалпы әлемдік көзқарастың негізі пайда болады. Әрбір адам айналасындағы заттармен кеңістікте тікелей немесе жанамалы байланыста болатыны белгілі. Адам туылғанынан сол ортада тіршілік етеді. Өзара байланыстың ішкі мәні кеңістік бейнесіне ие. М.Шелер: «алғашқыда адам біртұтас кеңістікке ие болады» [1, 157-159 б.] дейді. Сондай-ақ, өзін қоршаған мәдени кеңістігіне адам ерте ме, кеш пе оралады және көп жағдайда тұлға болып қалыптасуына өзіндік әсерін тигізеді. Міне, осындай мәдени кеңістіктің ерекше феномені болып қала табылады. Руханият тарихында қала феномені танымал ойшылдардың назарынан тыс қалып көрмеген. Басқасын айтпағанда «құдай қаласы», «күн қаласы», «қайырымды қала» т.б. ұғымдарын келтірсек те жеткілікті.

Әрбір адам әлем туралы көзқарастарын айналасындағы шынайылықтың әсерінен қалыптастырады. Әр мәдени дәуір өзіндік мәдени кеңістікті дүниеге әкеледі. Алайда, У.Эко «мәдени кеңістік ережелерінің бір мәдени модельден екіншісіне ауысуы оның құлдырауына әкеліп соғуы мүмкін» деген тұжырымын ұсынады [2, 252 б.].

Мәдени кеңістік – дегеніміз не? Ол өмір сүру мәдениетінің бір формасы деп түсінуге болады. Яғни, мәдени кеңістік оның мәдени көрінісінде айқын сипатталады. Бұл орайда адам мен мәдениет өзара байланысатын «көпір», яғни кеңістік орнатады. Қаланың мәдени кеңістігінің

ауылдық кеңістіктен айырмашылығы еркіндікте.

Кез келген мәдени көрініс рухани мазмұнмен толықтырылады. Оны мәдениеттің «белгісі» ретінде қарастырамыз және рухани мазмұнсыз ол тіршілігін тоқтатуы да ғажап емес.

«Қала – бұл тірі ағза және мемлекеттің, аймақтың рухани өмірінің шоғырлануы» – деп И. Гревс өз еңбегінде келтіреді [3, 247 б.]. Ал кейбір адамдар үшін қала тек олар мекен етіп отырған аумақ ғана. Яғни, қала феномені бірнеше ғылым салаларымен зерттеліп жатса да, кейбіреулер үшін ол экономиканың, саясаттың, мәдениеттің «орталығы» ретінде де қабылданбайды.

Қала феноменін түсіндіруге мәдени көрініс түсінігін қолданатын болсақ, толықтай ашып бере алмайтынымыз анық. Қаланың мәдени кеңістігі – иемдену әдісін көп қолданады. Ол дегеніміз, иемдену әдісін қолданған елдерде белгілі параллель бар: қоғамға жасалған күштеудің әсерінен, қоғам табиғатқа өз әмірін жүргізеді. Ал оның бағынуы, кеңістікті иемдену болып табылады.

Қала мәдени феномен ретінде бір жағынан алғанда материалды, затты, тас пен металға оранған. Жеке тұлға бұл тасқа оранған қалада тұрып жатқанын ұмытып өмір сүре береді. Ал, екінші жағынан алсақ, қала – виртуалды және эфемерлік шынайылық, адам санасында өзіндік толғаныстарға ие. Ол бір идея формасында өмір сүреді.

Қалалық аумақтарда – заттың, энергияның, ақпараттың жинақталатын қасиеті бар. Адамдар оның барлығын өзі мекен етіп отырған ортасынан алады. Тасқа және идеяға оранған қаланың

тоғысу нүктесінің нәтижесінде адам өз санасында қаланың мәдени формасын айқындай түседі. Ал қаланың ядросы «таратушы», болмаған жағдайда қала тек тарихтың қайнар көзі, ақпараттық құжат, материалды ғана «таратушы» болып қала береді [4, 442 б.].

Қаланың ақпарат «таратушысы» тек ғана ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар адамдар да бола алады. Жалпы қала ол тұрғындардың өмір сүру деңгейін, сенімдерін, идеяларын, сипатын ғана көрсете алады, ал мәдени кеңістіктің мазмұны болып құндылықтары, ережелері, мінез-құлық эталондары болып табылады. Осының арқасында біз көптеген жойылып кеткен қалалардың, мәдениеттердің, феномендердің мән-жайын аша аламыз. Қала мәдениеті болсын, жалпы мәдениет ең бірінші маңыздылығы мен құндылығына назар аудартады. «Мәдениет объектілерінде құндылық сақталған, ал құндылықтың мәні оның қажеттілігінде» [5, 415 б.]. Яғни, мәдениетті адам жаратса, ондағы құндылықты да жаратып, оның мақсаты мен қажеттілігін анықтай білгенін көре аламыз.

Қала мәдениетіндегі бұрын сонды болған дүниелер, қаланың тарихи естелігі, адамдарының генетикалық коды ретінде сақталады [6, 22 б.]. Бұдан шығатын тұжырым, кез келген қаладағы ескерткіш, болмаса, сол ауданның құндылығы, басқалардан ажыратып беретін төл белгісі. Мысалы, Алатау десек, Алматы қаласы, ал «Байтерек» десек, ел ордасы Астана бірден санамызға сап ете түседі. Себебі, бұл сол аймақтың генетикалық коды болып саналады.

Бүгінгі таңда қала эстетикалық ұстанымдарға сай оның шынайылығына, өмір сүру деңгейіне, жүргізіп отырған шаруашылығына қарай бағаланады. Қаланың тарихын сақтау дегеніміз оны тек қана мұражайландыру емес, заманауи ағымға шектеулі түрде енгізу, яғни тұрғындардың визуалды сұранысына жауап қайтару.

Мәдени құралдар арқылы қаланың бетбейнесін қызығушылық танытатындай етіп қалыптастыруда бүгінгі таңда өте маңызды және басты мақсаттардың бірі. Материалды құндылықтармен қатар, мысалы тарихи ескерткіштер де бар, соған қоса әр қалада символикалық құндылықтары да болуы қажет. Ол жоғары да айтқан «генетикалық код» және материалдылық тұрғыдан гөрі осы белгілер санаға тез оралады. Алайда, осындай символикалық белгілер ретінде кейде сол

қалада туып өскен, басқалай да қатысы бар танымал жазушылардың, ақындардың есімдерін беріп жатады. Бұл ақпарат кеңістігіне еруге қолайлы болғанмен, қала кеңістігінде, көптеген символикалық белгілердің арасында мұндай атаулар сақталмай қалуы әбден мүмкін.

Сондықтан да, қазір көптеген елдерде дамушы қалалардың мәдени кеңістігіне танымал мұражайлар, кітапханалар, университеттер, діни ғимараттарды салып, символикалық белгі, ақпарат ретінде таныта бастады. Олардың тез дамуы мен таралуы бұрын болмаған локалды мәдени кеңістіктен, жаһандық ақпаратты-интеллектуалды кеңістік тудырды. Осы жағдайда мәселенің екінші бір қыры көрініс тапты, адамдар ақпараттың тек символикалық белгілерін ғана меңгеріп, оның бастапқы, қайнар көзінен айырыла бастады. Ол жағын мүлде шеттетіп жіберді. Осы орайда, О.Шпенглер: «мәдениет адаммен өте тығыз байланыста болған да ғана өзін сақтап қала алады. Мәдениеттің «жаны» өз алдына өмір сүре алмайды, ол тек адамдардың жадында сақталады, солар құндылығын дәріптей түскенде ғана ғұмыры ұзақ» деп келтіреді. Сонымен қоса: «кез келген өнердің жойылып кетуі мүмкін, ол белгілі бір суретшінің немесе сәулетшінің туындысы ғана емес, толықтай өнер түрінің де шарықтау шегі болады. Тіпті, әйгілі Рембрант пен Моцарттың туындылығын қайта жаңғыртпайтын, кейін тіпті көзден ғайып болатын заманның орнауы да ғажап емес» [8, 330 б.] деген ой салады. Бұл ой бүгінгі таңда да өз маңыздылығын жойған жоқ. Себебі көптеген мәдени құндылықтар бастапқы мақсаты мен мәнінен ажырап барады. Қала мәдени көрініс ретінде ұсынылғанмен, түпкі көрінісін бірі білсе, бірі ол ақпараттан жұрдай. Ал құндылық өлшемі қала тұрғыны үшін мүлде басқа кейіпке еніп барады. Қазір кез келген қалаға көшу немесе өмір сүру үшін, оның әлеуметтік сатысын ескере отырып бөлінген аймағын таңдайтын болды. Меніңші, мұны да бір символикалық белгі ретінде қарастыруға болады. Ол дегеніміз, адамның тұрып жатқан ықшам ауданынан оның әлеуметтік деңгейі жайында ақпарат алуға болады. Негізінен мұндай бөлініс адамдар арасында қандай да бір карама-қайшылық тудыруы мүмкін. Сондықтан да, мәдени көрініс ретінде аймақтың руханилығын, мәдениетін, тарихын, адами құндылықтарын жалау ету қажет.

Әдебиеттер

- 1 Шеллер М. Избранные произведения. – М., 1994.
- 2 Эко У., Отсутствующая структура. – СПб., 1998.
- 3 Гревс И., Город как предмет краеведения. Краеведение. – 1924. – №3.
- 4 Рошаль Л.М. Арбат как исторический источник. – М., 1994.
- 5 Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре. – М., 1998.
- 6 Козыренко С.М. Градостроительная культура. – Владивосток, 1999.
- 7 Каганский В.Л. К феноменологии урбанизированных ландшафтных сред. – М., 1990.
- 8 Шпенглер О. Закат Европы. – М., 1992.

С. Булаткызы

Город как явление культуры

В научной статье городская культура рассматривается как культурный феномен в условиях модернизации современного общества. Раскрываются виртуальные и изменчивые стороны современного города в контексте межкультурного взаимодействия. Одним из главных задач культурологического анализа является целостный подход к проблеме современного города. В статье изложены о том, что в городском пространстве сконцентрированы энергетические центры и информационные средства. Смысл бытия города заключается в особом «знаке» цивилизации и автор пытается раскрыть коды данного сложного феномена.

S. Bulatkizi

The city as a cultural phenomenon

In the scientific article, urban culture is seen as a cultural phenomenon in the modernization of contemporary society. Reveals the virtual and fluctuating part of the modern city in the context of intercultural interaction. One of the main tasks of cultural analysis is a holistic approach to the problem of the modern city. The article describes that in the urban area concentrated energy centers and information resources. The meaning of life lies in a special «sign» of civilization and the author tries to reveal the codes of this complex phenomenon.